

134. СЕГІЗ АЯҚ

І-түрі

алықаңдаған Ниязбек Аллажаров

Орындаған Ниязбек Аллажаров

Орындаған Жусіпбек Елебеков

Орташа, қайратты

A-лыс-тан се-рмеп, Жұ-ре-кен тер-бе-п, Шы-мыр-ла-п бой-га жа-йыл-ған.
Ки-уа-дан ша-уып, Ки-сы-нын та-уып, Та-ғы-на же-тіп қа-йыр-ған.
Тол-ға-уы тоқ-сан қы-зыл тіл, Сей-лей-мін де-сөн ө-зің біл.

Алыстан сермеп,
Жүректен тербеп,
Шымырлап бойға жайылған.
Киуадан шауып,
Қисынын тауып,
Тағыны жетіп қайырған.

Толғауы тоқсан қызыл тіл,
Сейлеймін десен өзің біл.

Өткірдің жүзі,
Кестенің бізі,
Өрнегін сендей сала алмас.
Білгенте маржан,
Білмеске арзан,
Надандар баhra ала алмас.

Қиналма бекер тіл мен жақ,
Көңілсіз құлақ ойға олақ.

Басында ми жоқ,
Өзінде ой жоқ,
Күлкішіл кердең наданның.
Көп айтса көнді,
Жұрт айтса болды.
Әдеті надан адамның.

Бойда қайрат, ойда көз,
Болмаған соң айтпа сөз.

Қайнайды қаның,
Ашиды жаның,
Мінездерін көргенде.
Қайраттан сілкін,

Жігерлен беркін,
Деп насиҳат бергенде.
Ұятсыз, арсыз, салтынан,
Қалғып та кетер артынан.

Болмашы кекшіл,
Болсайышы көпшіл,
Жан аямай кесіп қыл.

Орынсыз ыржын,
Болымсыз қылжын,
Болама дәулет нәсіп бүл?
Еңбек етсең ерінбей
Тояды қарның тіленбей.

Тамағы тоқтық,
Жұмысы жоқтық,
Аздырап адам баласын.

Таласып босқа,
Жау болып досқа,
Кор болып, құрып барасын.
Отірік шағым толды ғой,
Оқінер уақытың болды ғой.

Атадан алтау,
Анадан төртеу,
Жалғыздық көрер жерім жоқ.
Ағайын бек көп,
Айтамын ептеп,
Сөзімді үғар елім жоқ.
Моласындаі бақсының,
Жалғыз да қалдым-тап шыным!